

Г.Ж. Бегазова* , Ж. Өмірәлі , Э.М. Омурчиева 

Д. Қонаев университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: Gulnafisa_86@mail.ru

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ

Азаматтық құқық саласында корпоративтік құқықтық қатынастар ауқымды тақырыптардың бірі. Кейбір цивилист ғалымдар корпоративтік қатынастарды кәсіпкерлік құқықтық қатынастардың құрамына жатқызады. Десе де, бұл пікірмен толық келісуге болмайды. Себебі, корпоративтік қатынастарда құқықтың көптеген салаларының мүдделері қамтылады, мәселен, әкімшілік, еңбек құқық қатынастары және т.б.

ҚР Азаматтық заңнамасында «корпоративтік ұйым» термині жаңадан пайда болды. Корпоративтік ұйым бұл қатысушылардың осы ұйымға мүшелігі және оның жоғарғы органын құру құқығына ие заңды тұлға болып табылады. Корпоративтік басқару ұйымдағы биліктің ұйымдастырылуымен тығыз байланысты әрекет, мұны корпорацияларды басқарумен шатастырып, түсінуге болмайды. Себебі, корпорацияларды басқару мәселесі ауқымды болып табылады және, корпорациялық басқару ұйымның кез-келген құқықтық нысандағы билікке қатысты.

Корпоративтік басқаруды жетілдіруде басқарудың міндеттері, директорлар кеңесінің атқаратын функциялары мен жауапкершілігі, акционерлердің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ, корпоративтік басқарудың тәжірибесі мен теориялық мәселелері жан-жақты зерттеуді талап етеді, сондай-ақ, кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктері мен ұлттық құқықтық жүйенің ерекшелігін қарастыру маңызды.

Мақалада авторлар корпоративтік қатынастардың және олардың нормативтік бекітілуінің ерекшелігін қарастырады. Сондай-ақ, салыстырмалы-жүйелік-құқықтық әдістерді қолдана отырып, корпоративтік құқықтық қатынастардың туындау ерекшеліктерін сипаттай отырып, қатысушылардың құқықтарын қорғау жүйесіне басымдық береді. Мақалада корпоративтік басқарудың білім беруді басқару саласындағы рөлі де ерекшеленеді.

Корпоративтік басқаруды құқықтық реттеудегі Жапония және Германиялық модельдің артықшылықтары мен ерекшеліктері талданады.

Түйін сөздер: корпоративтік басқару, акционер, акция, ұжымдық басқару, директорлар кеңесі, германдық модель, жапондық модель, ұлттық бизнес.

G.Zh. Begazova*, Zh. Omirali, E.M. Omurchieva

D. Kunaev University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: Gulnafisa_86@mail.ru

Kazakhstan's model of legal regulation of corporate governance

One of the major topics in the field of civil law is corporate legal relations. Some civil scientists refer corporate relations to the composition of entrepreneurial legal relations. However, one cannot fully agree with this opinion. Because corporate relations cover the interests of many areas of law, for example, administrative, labor relations, etc.

The term «corporate organization» has reappeared in the Civil Legislation of the Republic of Kazakhstan. A corporate organization is a legal entity that has the right of membership of these participants in this organization and the creation of its supreme body. Corporate governance is an activity closely related to the organization of power in an organization, which should not be confused with corporate governance. Because the issue of corporate governance is large-scale and corporate governance belongs to the authorities in any legal form of the organization.

In improving corporate governance, management tasks, functions and responsibilities of the board of directors, rights and obligations of shareholders, as well as experience and theoretical issues of corporate governance require a comprehensive study, and it is also important to consider the specifics of entrepreneurial activity and the specifics of the national legal system.

In the article, the authors consider the features of corporate relations and their regulatory consolidation. He also gives priority to the system of protection of the rights of participants, characterizing the peculiarities of the emergence of corporate legal relations using comparative systemic legal methods. The article also highlights the role of corporate governance in the field of education management.

The advantages and features of the Japanese and German models in the legal regulation of corporate governance are analyzed.

Key words: corporate governance, shareholder, share, collective management, board of directors, German model, Japanese model, national business.

Г.Ж. Бегазова*, Ж. Өмірәлі, Э.М. Омурчиева

Университет Д. Кунаева, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: Gulnafisa_86@mail.ru

Казахстанская модель правового регулирования корпоративного управления

Одной из масштабных тем в сфере гражданского права являются корпоративные правоотношения. Некоторые ученые-цивилисты относят корпоративные отношения к составу предпринимательских правоотношений. Однако с этим мнением нельзя полностью согласиться. Потому что корпоративные отношения охватывают интересы многих сфер права, например, административных, трудовых правоотношений и т.д.

В Гражданском законодательстве РК термин «корпоративная организация» появился вновь. Корпоративная организация является юридическим лицом, обладающим правом членства этих участников в данной организации и созданием ее высшего органа. Корпоративное управление – это деятельность, тесно связанная с организацией власти в организации, которую нельзя путать с управлением корпорациями. Потому что вопрос управления корпорациями является масштабным, и корпоративное управление касается власти любой правовой формы организации.

В совершенствовании корпоративного управления требуют всестороннего изучения задачи управления, функции и ответственность совета директоров, права и обязанности акционеров, а также опыт и теоретические вопросы корпоративного управления, а также важно рассмотреть особенности предпринимательской деятельности и особенности национальной правовой системы.

В статье авторы рассматривают особенности корпоративных отношений и их нормативное закрепление. Также отдает приоритет системе защиты прав участников, характеризуя особенности возникновения корпоративных правоотношений с применением сравнительно-системно-правовых методов. В статье также выделяется роль корпоративного управления в области управления образованием.

Анализируются преимущества и особенности Японской и Германской моделей в правовом регулировании корпоративного управления.

Ключевые слова: корпоративное управление, акционер, акция, коллективное управление, совет директоров, германская модель, японская модель, национальный бизнес.

Кіріспе

Ел экономикасында корпоративтік басқару жүйесі өзекті сұрақтардың бірі. ҚР Президенті Қ.Тоқаев атап өткендей, елімізде ондаған ұлттық холдинг, мемлекетке тиесілі мыңдаған кәсіпорын, квазимемлекеттік ұйым жұмыс істейді. Алайда олардың жұмыс нәтижесі мен сапасы туралы мәселе бар және бір-екісінде ғана корпоративтік басқару жүйесі өз деңгейінде. Бұл қалған ұйымдарда корпоративтік басқару жүйесін дамыту керектігін көрсетеді (<https://egemen.kz/article/248771-korporativtik-basqaru-qoghamushin-manhyzdy>).

Нарықтық қатынастарда корпорациялардың рөлін арттыру, корпоративтік басқару проблемасының маңыздылығы мен экономиканың жаһандануымен байланысын ғылыми тұрғыдан тұжырымдауды қажет етеді. Елімізде нарықтық экономиканың дамуы және мемлекеттің эконо-

микалық жүйесінің жұмыс істеуіндегі әртүрлі корпорациялардың рөлінің артуы корпоративтік басқару проблемасының маңыздылығын және оның экономиканың жаһандануымен байланысын ғылыми тұрғыдан пайымдау қажеттілігіне себепші болды.

Қазіргі заманғы экономикада дербес шаруашылық жүргізуші субъектілер ретінде әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандардағы заңды тұлғалар қатысады. Олардың арасында корпорациялар елеулі орын алады, олардың көбінде ішкі ұйымдық құрылымның күрделі жүйесі бар, кейбіреулерін бір құрылтайшы құрады немесе құрылтайшылардың бірі корпорация капиталында басым үлеске ие.

Корпорациялардың сұранысқа ие түрлерінің бірі болып табылатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі қоғамдар елдің экономикалық өмірінде үлкен рөл атқарады және оларды бизнесті жүргізудің басқа нысандары-

нан бөліп алатын бірқатар артықшылықтарға ие. Оларға инвесторлардың тәуекелдерін оларға тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестердің) құнымен шектеу, қосымша акциялар, облигациялар шығару арқылы қолда бар капиталдарды ұлғайту мүмкіндігі, қатысушылар құрамы өзгерген кезде заңды тұлғаны сақтау, акцияларды беру жатқызылуы мүмкін (<https://cyberleninka.ru/article/n/korporativnoe-upravlenie-aktualnye-problemy-pravovogo-regulirovaniya>).

Корпоративтік басқаруға тоқталмас бұрын «корпорация» сөзінің ұғымына тоқталу қажет. Бұл терминнің алғашқы түсінігі римдік жеке құқықта келтірілген (Бегазова, 2023: 60). «Корпоративтік басқару» санаты құқықтық тұрғыда түрлі аспектілерде көрініс табады. Мәселен, В.В. Долинская корпоративтік басқаруды «акционерлік қоғам (корпоративтік ұйым) өз инвесторлары мен акционерлерінің мүдделерін қорғайтын ұйымдық және мүліктік қатынастардың заңмен реттелген жүйесі» деп түсіндіреді (Долинская, 2006: 241). Ал, біздің заң саласында «корпорация» ұғымына қатысты нақты анықтама берілмеген. Қолданыстағы заңнамада көзделген заңды тұлғалардың басым көпшілігі корпорациялардың нысандары болып табылады (Карагусов, 2012: 50).

Корпоративтік басқару жүйе ретінде 1999 жылдан қалыптасты. Ол кезеңде халықаралық масштабта басқару нормаларын бірыңғай стандартқа келтіру мақсатында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының кеңесінде (ЭБДҰ) ұжымдық басқарудың принциптері тұжырымдалды.

Корпорациялар нарықта тұрақты даму үшін басқаруды қажет етеді. Тұрақты түрде даму үшін де корпорациялар инвестиция тартуға мүдделі болып табылады, бұл өз кезегінде, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін корпоративтік басқау жүйесінің өсуіне мүмкіндік береді.

Корпоративтік басқару корпоративтік құқықтық қатынастардың субъектілері арасындағы компания қызметінің оң нәтижесін арттыру және субъектілер мен өзге де мүдделі тұлғалардың құқығын қорғау мәселелері жөніндегі байланыс жүйесі болып табылады. Корпоративтік басқару жүйесінің негізгі қағидалары:

- 1) корпорацияны басқару қызметінің ашықтығы;
- 2) акционерлер тарапынан басқару органдарының қызметін бақылау;
- 3) тәуелсіз директорлардың корпорацияны басқаруға қатысуы;

4) корпорацияның дивидендтік саясаты (Смагулова 2023: 38).

Корпоративтік ұйым заңды тұлғалардың қай түріне және құрылу формасына жататынына қарамастан, корпоративтік заңнамада корпорацияны құру, олардың атқаратын қызметі, оларды қайта құру, тарату процесінде де келеңсіздіктерді болдырмайтындай етіп корпоративтік қатынастарды реттеуі тиіс. Бұл өз кезегінде, тиісті жеке мүдделердің бұзылуына жол бермей, жария мүдделерді сақтай отырып, шаруашылық жүргізуші субъектілерді құрудың тиімділігін және олардың қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету болып табылады (Карагусов, 2020: 8).

Қазақстанда бірнеше жылдар бойы корпоративтік құқық пен корпоративтік қатынастарға елеулі ғылыми зерттеулер жүргізіліп келеді, олардың авторлары (Ю.Г. Басин, М.К. Сүлейменов, Ф.С. Карагусов және басқалар) тұтастай алғанда корпоративтік ұйымдардың қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру қажеттігі туралы пікірге келісті. 2013 жылы «Азаматтық құқық және корпоративтік қатынастар» халықаралық конференциясын өткізу нәтижесінде Қазақстанда корпоративтік құқықты әзірлеу үшін үлкен негіз құрылды.

Корпоративтік басқарудың маңыздылығы компания қызметінің тиімділігін, ашықтығын арттыруға бағытталған басқару құрылымдарының нарықтық құнының өзгеруімен байланысты.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде заң ғылымында және онымен байланысты әлеуметтік ғылымдарда қолданылатын танымның жалпы ғылыми әдістері қолданылды. Оның ішінде азаматтық құқық саласына тән жеке-құқықтық әдістер де, кәсіпкерлік құқыққа тән тарихи, салыстырмалы талдау, нормативтік-логикалық, синтездеу, жүйелі-құқықтық, талдау және т.б. жария-құқықтық әдістер де қолданылды. Сондай-ақ қолданыстағы бірқатар нормативтік құқықтық актілер мен заңнамалар негізге алынды. Жұмысты жазу барысында ғылыми танымның келесі әдістері қолданылды: талдау, синтез, абстракция, жалпылау, ұқсастық және т.б. Корпоративтік құқық саласы бойынша корпоративтік басқарудың құқықтық реттелуін зерттеп жүрген отандық және ресейлік құқықтанушылар атап айтсақ, Ф.С. Карагусов, В.В. Долинская, А.Б. Смагулова, С.К. Ержанова,

А.О. Мусабеева және т.б. ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Талқылаулар мен нәтижелер

Корпоративтік басқару жүйесі бизнесті жүргізудің корпоративтік нысанын қалыптастыру мен дамытудың ерекшеліктеріне негізделеді. Әрине, бұл процестерге экономикалық дамудың жалпы үрдістері, құқықтық жүйенің дамуы, капитал нарығы мен әр елдің акционерлік қоғамдарының даму ерекшеліктері әсер етті.

Заң әдебиеттерінде корпоративті басқарудың келесі модельдері қарастырылады:

- американдық модель;
- германдық модель;
- жапондық модель;
- Отбасылық немесе отбасылық капитализм.

Жапондық және Германдық корпоративтік басқару жүйелеріне тоқталсақ. Корпоративтік басқарудың германдық немес моделінің ерекшелігі – ол банктер мен инвестициялық, сақтандыру ұйымдарында акционерлік капиталдың жоғары концентрациясымен ерекшеленеді (Salome 2017: 81). Германдық модель: бақылау кеңесі және атқарушы кеңес деп бөлінеді. Басқарма корпоративті басқаруға жауап береді; қадағалау кеңесі атқарушы кеңесті басқарады. Бақылау кеңесін корпорация қызметкерлері мен акционерлер тандайды. Германдық модель қор нарықтарына, акционерлік құндылыққа аса көңіл бөлмейді, себебі, компанияның өзі оның бәсекеге қабілеттілігі мен пайдасын қадағалайды.

Германдық модель американдық үлгіні туындататын факторларға қарама-қарсы факторлардан туындайды. Бұл факторлар:

- институционалдық инвесторлардың арасында меншікті капиталдың шоғырлануы және оның жеке инвесторлар арасында таралуының салыстырмалы түрде төмен дәрежесі;
- қор нарығының салыстырмалы түрде тұрақсыз дамуы (<https://zapustibiznes.ru/kk/sushchnost-korporativnogo-upravleniya-ponyatie-korporativnogo/>). Ал, Жапондық модельде басқару құрылымы акционерлер, несие берушілер, қызметкерлер кәсіподақтары арасындағы қатынас аясында қарастырылады.

Герман құқықтық жүйесінде (сондай-ақ Австрия мен Швейцарияда) «корпорация» термині көбінесе заңды тұлғалар деп аталатын заңды тұлғаларға қатысты қолданылады. капиталдық одақтар, яғни олардың қатысушыларына (мүшелеріне) қатысты ұйымдық дербестігі анық

көрсетілген бірлестіктер. Бұл бірлестіктердің (Korperschaften) астаналық бірлестік атынан шаруашылық жүргізетін арнайы басқару органдары, директорлары болады. Мұндай заңды тұлғаларға сондай-ақ салыстырмалы түрде еркін қатысу (мүшелік) тән, ол корпорацияға қатысушылардың ішінен еркін кіруді және одан шығуды білдіреді. Бұл бірлестіктер тобына әдетте акционерлік қоғам (Aktiengesellschaft – AG) және кейбір ескертпелермен жауапкершілігі шектеулі серіктестік (Gesellschaft mit beschränkter Haftung – GmbH) кіреді. Бұл формалар дәстүрлі түрде неміс құқығы доктринасында капиталдық бірлестіктердің мысалдары ретінде қарастырылады. Екінші топқа тұлғалардың бірлестіктері немесе жеке бірлестіктер (Personengesellschaft) болып табылатын серіктестіктер жатады. Серіктестіктерге толық серіктестік (offene Handelsgesellschaft – OHG), командиттік серіктестік (Kommanditgesellschaft – KG) және жеке серіктестік (die stille Gesellschaft) деп аталатындар кіреді.

Ұлыбританияның корпоративтік басқару жүйесінде компаниялар туралы заңы – британ парламентінің тарихындағы ең көлемді нормативтік акт. Компаниялар туралы заң Ұлыбританияның корпоративтік құқығын дамытудағы маңызды қадам болып табылады. Бұрын қолданылған ережелерді шоғырландыра отырып, ол сондай-ақ көптеген жаңа нормаларды енгізеді, олардың бір бөлігі – прецеденттік құқықтың кодификациясы, ал бір бөлігі – ЕО директиваларының имплементациясы болып табылады.

Ұлыбританияда нақты анықтама болмаған жағдайда

Компания (корпорация) ұғымы заңмен белгіленген заңның көмегімен құрылған және құқықтық қатынастардың номиналды, жасанды қатысушысы қызметін атқаруға арналған жалған ұйым идеясына негізделген. Негізінде кәсіпорын жеке баланс, бухгалтерлік кітап ретінде әрекет етеді; қоғамның мүліктік саласы оның құрылтайшылары мен кейінгі акционерлерінің меншігінен шектеледі. Бір қызығы, корпоративтік қатынастар саласында заңдық құқық коммерциялық өмірдің басқа салаларына қарағанда Ұлыбританияда дәстүрлі түрде үлкен рөл атқарады (жалпы алғанда, белгілі болғандай, ағылшын құқығының дәстүрлі ерекшелігі сот практикасының басымдығы болып табылады). Ағылшын құқығында корпорацияны заңды тұлға ретінде анықтауға болады, өйткені онда заңды тұлғалар корпорацияларға бөлінеді, олар жеке тұлғалар

және жеке корпорациялар ұйымы болып табылады. Англиядағы сауда корпорациялары компаниялар деп аталады және жоғарыда аталған 2006 жылғы Компаниялар туралы заңмен анықталады. Осы заңға сәйкес олар мемлекеттік және жеке, жарғылық капиталы бар немесе жарғылық капиталы жоқ компаниялар болып бөлінеді.

Ағылшын құқығы үшін компанияларды корпорациялар мен мекемелерге бөлу тән (бұл жіктеу континенттік құқық елдеріне де тән). «Корпорация», «корпоративтік» ұғымы және олардан туындайтын ұғымдар мен терминдер салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан терминологиялық шатауды туғызады, өйткені кейбір жағдайларда корпоративтік құқық деп жалпы барлық заңды тұлғалардың құқығы, ал басқаларында – тек корпорациялардың құқығы түсініледі. Оның үстіне, мұндай шатау корпорацияның мәнін әртүрлі түсінумен және заңды тұлға ретінде нақты құқықтық тәртіпті түсінумен, сондай-ақ заңды тұлға құқықтарының бизнесті жүргізудің жеке нысанына нақты құқықтық тәртіптің берілуі немесе берілмеуі фактісімен түсіндіріледі.

Ең көрнекті жаңалықтарға мыналарды жатқызуға болады: компанияның құрылтай шарты функцияларының күрт тарылуы; компанияның рұқсат етілген (жарғылық) капиталының тұжырымдамасынан бас тарту; компания директорларының жауапкершілігіне қатысты жалпы құқық нормаларын кодификациялау; жеке компанияларға қойылатын әкімшілік талаптарды жеңілдету (хатшының міндетті түрде болуы туралы, акционерлердің жыл сайынғы жиналыстарын өткізу туралы талаптардың күшін жою); жария компанияларға олардың ашықтығы бөлігінде неғұрлым қатаң талаптар қою (https://www.zqai.kz/sites/default/files/sbor.an_spr_po_korp.pravu__0.pdf).

«Заңды тұлға» түсінігінің мәні туралы даулы мәселеге және оның әртүрлі шетелдік құқықтық тәртіптердегі түсіндірмелеріне қарамастан (мысалы, Еуропа континентінің Рим тармағында «заңды тұлғаның» орнына «моральдық тұлғалар» терминінің қолданылуы). құқықтық тәртіп немесе американдық құқықта «заңды тұлғаны» құрылтайшылардың шарттық келісімі ретінде қарастыру), сондай-ақ «корпорация» терминінің біртұтас анықтамасының болмауы, қазіргі заманғы құқықтық және экономикалық даму дамыған шетелде құқықтық жүйелер ұлттық деңгейде заңды тұлғалар құқығы немесе сөздің кең мағынасында корпоративтік құқық ретінде белгіленетін құқықтық нормалар жүйесі қалып-

тасты. Оның үстіне дәл осы заңдық бұйрықтарда сөздің тар мағынасында корпоративтік құқықты, яғни корпорациялар құқығын да кездестіруге болады. Мәліметтер мен терминологиядағы барлық айырмашылықтарға қарамастан, бұл деп аталатындарға байланысты екенін мойындау керек. корпоративтік құқық саласындағы құқықтық тәртіптердің функционалдық жақындасуы, әзірленген құқықтық тәртіптер белгілі бір құқықтық тәртіптің Жалпы құқыққа жататынына немесе азаматтық құқық елдерінің бірінің өкілі болуына қарамастан шамамен бірдей құқықтық құрылымдар жиынтығына ие (https://www.zqai.kz/sites/default/files/sbor.an_spr_po_korp.pravu__0.pdf).

Елімізде корпоративтік басқару – ұжымдық басқарумен ерекшеленеді. Ұжымдық басқаруды алғаш болып мойындаған Қаржыгерлер ассоциациясы болып табылады және қаржы институттарын ішкі инвесторлар құрайды. Заң талаптарына сәйкес инвестицияға құйылған капитал қосымша қорғауды талап етеді. Осы ретте, Қаржыгерлер ассоциациясы 2004 жылы корпоративтік басқарудың қазақстандық моделін даярлау үшін жұмыс тобын құрды (Ержанова 2019: 23).

Отандық компаниялар биржаларға, IPO ға (өздерінің бағалы қағаздарын салу) шығу туралы шешім қабылдағандықтан, олар үшін бірлесіп басқару жүйесінің маңыздылығы арта бастады. Ұжымдық басқару маңыздылығы келесідей жағдайларға әкеледі:

- 1) инвесторлардың алдында тартымдылығының артуы;
- 2) акция құнының өсуі;
- 3) капитал көлемінің артуы;
- 4) дивидендтер арқылы үнемдеу мүмкіндігі;
- 5) Жедел тиімділіктің артуы;
- 6) капиталды қолданудың тиімділігінің артуы;
- 7) Компания мен мемлекеттің беделіне оң ықпал етуі (Кибанова 2014: 99).

Ұлттық бизнесте капиталға қол жеткізу мен компанияның беделінің артуы үшін ұжымдық басқарудың маңыздылығы зор. Сыбайлас жемқорлық пен деңгейі төмен менеджменттің салдарынан пайда болған қаржы дағдарысы капитал алуды күрделендіреді. Ұжымдық басқару акционерлердің мүдделерін қорғау мақсатында директорлар кеңесі арқылы бақыланатын басқару жиынтығы болып табылады. Қазіргі кезеңде компанияларды қаржыландырудың көздерін іздеуді бастау мүмкіндігі жоғары. Алайда елімізде қор нарығы әлі де дамымаған. Оның бірден-бір

себебі – потенциалды миноритарлық акционерлердің өздерінің инвестициялары сақталатындығына, олардың құқықтарының бұзылмайтынына деген сенімсіздігінің басым болуы. Осы орайда, потенциалды ішкі инвесторлардың сенімін қалыптастыруда ұжымдық басқарудың өзектілігі арта түседі. Әрине, инвесторлар ұжымдық басқарудың айқын стандарттары бар компанияларды іздей бастайды.

Акционерлік қоғамдар туралы заң азаматтық құқықтық қатынастар субъектісінің құқықтық жағдайын, АҚ құру, оның қызметі және оның заңды мәртебесін, сондай-ақ және акционерлердің дербес субъект ретінде АҚ-мен өзара іс-қимылы тұрғысындағы міндеттерін реттейді (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000415>).

Өз кезегінде, Мемлекеттік мүлік туралы заң (кіріспеге сәйкес) мемлекетке тиесілі азаматтық құқық объектілерінің құқықтық режимін белгілейді. Акциялар мемлекеттік мүлік ретінде қаралады және мемлекет қатысатын акционерлердің құқықтарын жүзеге асыру ерекшеліктерін реттейді. Атап айтқанда, Мемлекеттік мүлік туралы заң (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік туралы заң) АҚ туралы заңмен салыстырғанда АҚ құрумен, АҚ басқару органдарын (яғни директорлар кеңесін) құрумен және олардың өкілеттіктерін (құзыреттерін) айқындаумен және оны іске асырумен байланысты мәселелерді реттеуде мемлекет қатысатын АҚ-ға қатысты акционерлердің құқықтары (Карагусов 2020: 134).

Нарықтық қайта құрулардың қазіргі жағдайларында акционерлік қоғам кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық нысаны ретінде ерекше маңызға ие болады. Акционерлік қоғамның классикалық функциясы капиталды тартудан және ұзақ мерзімді шоғырландырудан тұрады. Капиталдың болуы кәсіпорындар үшін өмірлік маңызы бар. Қазақстан мен шет елдер экономикасының нарықтық өзгеруі қазақстандық акционерлік қоғамның құқықтық жағдайының жандануына ықпал етті. Капитал жинақтаудың қажетті деңгейіне жеткен кез келген елдің нарықтық шаруашылығының неғұрлым маңызды субъектілерінің қатарына шаруашылық серіктестіктері мен қоғамдар жатады. Кез-келген елдің нарықтық шаруашылығының неғұрлым маңызды субъектілерінің қатарына шаруашылық серіктестіктері мен қоғамдар жатады. Акционерлік нысан қатысушылардың үлкен тобын жасырын біріктіру үшін оңтайлы болып табылады, акциялар шығару арқылы қосымша инвестициялар тартуға мүмкін-

дік береді, капиталдың әртүрлі нысандары арасындағы айырмашылықтарды «алып тастайды» және сол арқылы олардың саладан салаға құйылуын жеңілдетеді (Mukaldyeva 2020: 78).

Мемлекеттік кәсіпорын мен мекеме сияқты ұйымдарда оларды мемлекет тарапынан уәкілетті мемлекеттік органдар атынан тікелей басқару жағдайында корпоративтік басқару жүйесін енгізу және толыққанды корпоративтік құрылым құру мүмкін емес.

Мемлекеттік кәсіпорында (мемлекеттік немесе жеке мекемеде сияқты) корпоративтік басқару тетіктерін енгізу әрекеті мемлекеттің құқықтық және реттеуші саясатын жүзеге асырудың бағыттылығы мен практикасын елеулі бұрмалауға, макроэкономикалық және құрылымдық сипаттағы елеулі келеңсіз салдарларға әкелуі мүмкін, әсіресе мұндай ұйымдардың (оның қызметінің) қайсыбірі ұлттық экономиканы басқару жүйесі үшін елеулі мәнге ие болса немесе нарықтық инфрақұрылымның жұмыс істеуі.

Айта кету керек, корпоративтік құқыққа шарттық негіздерді кеңінен енгізуді барлық ғалымдар қолдамайды. Мәселен, Е.А. Суханов құрлықтық Еуропа елдері мен англо-американ елдерінің құқығындағы шаруашылық қоғамдардың жарғылық капиталы туралы ережені талдай отырып, бұл институттың түрлі құқықтық жүйелердегі түсініктеріндегі айырмашылықтарды атап өтеді. Ғалым ағылшын-американ құқығынан айырмашылығы, еуропалық құрлықтық корпоративтік құқықта мұндай келісімдер акциялар иелерінің өз мүлкіне билік ету жөніндегі әдеттегі азаматтық-құқықтық мәмілелері ретінде қарастырылатынын, олар дауыс беру құқығын жүзеге асыруда (басқаруға қатысу) белгілі ерекшеліктерді белгілеуі мүмкін екенін байқайды. Сонымен қатар, корпорацияның заңмен бекітілген құрылымын өзгерте алмайды, сондай-ақ олармен мүдделері корпорацияның ортақ мүдделерімен қайшы келуі мүмкін үшінші тұлғаның мүдделеріне дауыс беру туралы келісімдер жасасуға жол берілмейді (Суханов 2012).

Акционерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша келісімдерін құқықтық сараласақ, акционерлердің келісімдерін жасасуға қазақстандық заңнамамен тыйым салынбайды.

Құрылтай шартының және жарғының заңдық маңыздылығын заңнамалық айқындау болған кезде құрылтайшылардың өзара қарым-қатына-

сы реттелетін құқықтық құжаттар ретінде (АҚ-нің 41-бабының 6-тармағы) құрылтай шарты АҚ жарияланған акцияларын мемлекеттік тіркегенге дейін ғана өз қолданысын сақтайтын болса («Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның (7-бабының 4-тармағы)), ал бұдан әрі акционерлердің құқықтары, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары тікелей АҚ туралы Заңмен және тиісті қоғамның жарғысымен реттелетін болса, онда акционерлердің келісімімен акционерлер АҚ туралы Заңның императивтік ережелерінен ерекшеленетіндей және соттың немесе төреліктің шешімі бойынша оларды мәжбүрлеп орындату мүмкіндігін сақтайтындай етіп айқындалуы мүмкін қандай да бір мәселелер қарастырылмайды. Акционерлер АҚ-ның корпоративтік құрылымы, оның органдары арасында құзыретті бөлу, корпоративтік шешімдерді қабылдау және ресімдеу тәртібі, ақпаратты ашу туралы заңның ұйғарымдарын және басқа да императивтік белгіленген талаптарды елемуге мүмкіндік беретін қандай да бір іс-әрекеттерді (жарғыда мұны жол берілетін шектерден басқа) өзара келісе алмайды.

Корпоративтік басқаруды құқықтық реттеудің қазақстандық моделін жетілдіру жолдарына қатысты мемлекет тұрғысынан басты міндет – акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тұрғысынан корпоративтік басқаруды қарау және корпоративтік қатынастардың барлық қатысушылары мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету деп айтуға болады.

Корпоративтік құқықты одан әрі реформалау процесінде мынадай ережелерді ескеру қажет:

- 1) әртүрлі үлгідегі корпорацияларға әртүрлі көзқарас;
- 2) корпоративтік құқық стандарттарын көрінеу тиімсіз енгізуден басқару;
- 3) дивидендтік төлемдерді салықтық көтермелеу;
- 4) корпоративтік топтарды реттейтін заңнаманы дамыту.

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері акционерлік қоғамдардың жұмысының, акционерлердің және акционерлер жиналысы өткізілуінің, директорлар кеңесі мен атқарушы орган арасындағы қарым-қатынасты, директорлар кеңесінің отырысының, кеңес комитеттерінің жұмысының және өзге де ерекшеліктерін қадағалап, есепке алмайды, бұл қоғамның ішкі стандарттары болып табылады.

Қазақстан Республикасының мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік

басқару әрқашан ақпараттық «ашық» және әлеуметтік-экономикалық тиімді бола бермейді. Көбінесе мемлекет қатысатын корпорациялардың директорлар кеңестеріндегі және өзге де басқару органдарындағы мемлекет өкілдері тек номиналды функцияларды орындайды не олармен аффилирленген фирмалардың мүдделерін көздейтін лоббистер ретінде әрекет етеді, бұл ақыр соңында жалпы акционерлік қоғамға да, оның акционерлеріне де, оның ішінде мемлекетке де тиімсіз.

Білім беруді корпоративтік басқару – талдауды, тиімді шешімдерді қабылдауды, олардың орындалуын ұйымдастыруды, белгіленген мақсаттарды орындаумен айналысатын үлкен және шағын ұжымдардың еңбегін бақылауды және ынталандыруды білдіреді.

Жаңа қырынан, білім беруді басқару саласында да корпоративтік басқарудың рөлі зор. Қазақстанда ұзақ уақыт бойы «басқару» ұғымы ұйғарымдармен, директивалармен, бұйрықтармен шектелген әкімшілік қызмет ретінде түсіндірілді. Басқару мәселелеріне, оның ішінде білім беру саласына қатысты зерттеулер әлемдік ғылыми әдебиетте де, отандық әдебиетте де кеңінен ұсынылған.

Білім беруді басқару саласында да осындай тәсіл болды. Білім беру мекемелерінің басқару персоналы педагогтарды басқару шешімдерін орындаушылар ретінде ғана қарастырады. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу барлық уақытта қоғам дамуының маңызды бөлігі болды. Қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесіне де тікелей әсер етеді. Білім беру саласын дамыту едәуір дәрежеде оның барлық буындарын басқарудың тиімділігімен айқындалады.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, нарықтық қатынастарға көшу зияткерлік еңбектің жетекші рөлі кезінде адам тыныс-тіршілігінің барлық салаларының даму үрдісін негіздейді, бұл қазақстандық қоғамның жана сапасын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде білім берудің мәнін арттырады

Стратегиялық ойлаудың болуы, білім беру қызметтері нарығында жұмыс істеу тиімділігі, қазіргі заманғы технологияларды игеру, адами ресурстарды басқарудың озық әдістемелерін енгізу, сондай-ақ білім беру процесінің барлық мүдделі тараптарымен тиімді өзара іс-қимыл жасау өзекті болып отыр.

Білім беру жүйесінің менеджментін жетілдіру білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдарын құруды көздейді, бұл корпоративтік

басқару қағидаттарын енгізу қажеттілігін көрсетеді: басқарудағы алқалылық, қызметті жүзеге асырудағы дербестік, қызмет нәтижелері бойынша есептілік, қызметтің ашықтығы, жауапкершілік (Шкутина, Санхаева, 2019: 194-195).

Корпорация моделін қазақстандық азаматтық құқыққа көшіру бірнеше міндеттерді бір мезгілде шешуді көздейді: (1) ұғымдық деңгейде азаматтық заңнамада жаңа терминологияны көрсететін бірқатар заңды дефиницияны бекіту қажет; (2) азаматтық заңнаманы құру жүйесі деңгейінде – арнайы заңнаманы қисынды және қайшы келмейтін өзгертуді қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның қазіргі азаматтық заңнамасы құрылған пандектік негізді дәйекті түрде сақтау; (3) ҚР АҚ деңгейінде құқықтық құрылымдардың ағылшын құқығынан және басқа да дамыған шетелдік құқықтық тәртіптен Қазақстан Республикасының азаматтық құқығына транзитін қамтамасыз ететін отандық құқыққа бұрын белгісіз новеллалар жиынтығын көрсету (https://www.zqai.kz/sites/default/files/sbor.an_.spr_.po_korp.pravu__0.pdf).

Жалпы, мемлекеттік қатысуы бар корпорациялар салық түсімдері бөлігінде бюджет кірістерінің едәуір бөлігін қалыптастырады, отандық экономика үшін көлік инфрақұрылымы, машина жасау, металлургия және т.б. сияқты басым салаларда ғылыми-техникалық прогресті жандандыруды қамтамасыз етеді, әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымды дамытудың белгілі бір бағдарламаларын іске асырады. Корпоративтік құрылымдардың осы түрінің елеулі әлеуметтік мәні дәстүрлі корпоративтік менеджменттен ерекшеленетін ерекше басқару жүйелері мен тетіктерін қалыптастыру қажеттілігін айқындайды (Роговая 2016).

Қорытынды

Корпоративтік басқару жүйесін жақсарту және бизнесті жүргізудің ашықтығын арттыру жөніндегі жүйелі шешімдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көрініс табуы тиіс. Осыған байланысты корпоративтік басқаруды құқықтық қамтамасыз ету мәселелері одан әрі жетілдіруді талап етеді. Бұл ретте қазақстандық заңнамаға беймәлім корпоративтік құқық құрылымдары мен институттары жұмыс істейтін дамыған елдердің тәжірибесін ескеру қажет. Бұдан басқа, бизнесті жүргізу шарттарын жақсарту және ашықтығын арттыру корпоративтік басқару саласындағы

халықаралық стандарттарды қарызға алумен қатар жүруі тиіс.

Корпоративтік ұжымдық басқаруды корпорацияларды басқарумен шатастыруға болмайды. Бұл ретте корпоративтік басқару модельдерін жақындастырудың әлемдік үрдісін ұмытпай, корпоративтік басқарудың бірнеше модельдерін әзірлеген шетелдік елдердің оң тәжірибесін ескеру қажет. Жауапкершілік, есептілік, адалдық, заңдылық және ашықтық корпоративтік басқарудың барлық түрлері үшін әмбебап стандарттар болып табылады, олар қазақстандық ұлттық құқықтық жүйенің және кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық заңнамасында көрініс табуы тиіс.

Ұжымдық басқару анықтамасының ауқымы кең. Мәселен, Қазақстан Республикасында ұжымдық басқару акционерлік қоғам болып танылатын корпорацияда ғана емес, кез-келген мекемедегі билікке де қатысты болып табылады. Елімізде меншік иелері мен менеджерлер, миноритарлық мен мажоритарлық акционерлердің түрлі мүдделерімен, акционерлердің құқықтары мен меншігімен байланысты мәселелерді шешуде әлі де тәжірибесі жеткіліксіз. Әрине ұжымдық басқару бойынша халықаралық қауымдастықтың ұсынымдарын білдіретін тәсілдерді көшіре отырып, әлемдік тәжірибені пайдалануға болады. Дегенмен, бүкіл әлемдегі компанияларға меншіктің акционерлік формасы ұсынатын айырмашылықтардың бар екендігін де ескеру қажет.

Ұжымдық басқарудың ұтымды тұсы – экономикаға инвестицияларды бірнеше жолдармен тартуға көмектеседі.

Біріншіден, айқындылық арқылы корпоративті трансакцияларда, бухгалтерлік есеп және аудитте бірлесіп басқару сыбайлас жемқорлық үшін қаржы алу мүмкіндігін жояды.

Екіншіден, ұжымдық басқару рәсімдері компанияларға нәтижелерге негізделген нақты стратегияны және менеджерлерді марапаттау жүйесін құруға көмектесу арқылы компанияны басқаруды жақсартады.

Үшіншіден, зерттеулер миноритарлық акционерлер жақсы қорғалған елдерде ірі және анағұрлым өтімді капитал нарығы болатынын көрсетті.

Корпоративтік ұжымдық басқару: қауіпті төмендетеді; өнімділікті қамтамасыз етеді; капитал нарығына енуді жақсартады; көшбасшылықты жақсартады; айқындылықты және қоғамдық жауапкершілікті көрсетеді.

Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдарды дамытудың жеткіліксіз әлеуметтік тиімділігі еңбекке ақы төлеу деңгейінің өте жоғары саралануынан, әлеуметтік және инфрақұрылымдық даму бағдарламаларын қаржыландырудың жеткіліксіз қарқындылығынан көрінеді.

Осылайша, тиімділікті кешенді бағалау, мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдарда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, мемлекет өкілдерін сапаны арттыруға ынталандырудың пәрменді тетіктерін қалыптастыру проблемасы туындайды.

Әдебиеттер

«Корпоративтік басқару қоғам үшін маңызды» [https:// egemen.kz /article/248771-korporativtik-basqaru-qogham-ushin-manyhyzdy](https://egemen.kz/article/248771-korporativtik-basqaru-qogham-ushin-manyhyzdy). 15 Қыркүйек, 2020 ж.

Т.А. Филиппова, Е.Ю. Коваленко. Корпоративное управление: актуальные проблемы правового регулирования. 159-160 С. <https://cyberleninka.ru/article/n/korporativnoe-upravlenie-aktualnye-problemy-pravovogo-regulirovaniya>.

Г.Ж. Бегазова. «Корпоративтік құқықтық қатынастардан туындайтын талаптарды қамтамасыз етудің кейбір мәселелері». ҚазҰУ Хабаршысы, Заң сериясы. No1 (105). 2023 ж. 60 б. <https://bulletin-law.kaznu.kz>.

Долинская В. В. Акционерное право: основные положения и тенденции. М.: Волтерс Клувер, 2006. С. 241.

Карагусов Ф.С. Правовое положение коммерческих организаций по законодательству Республики Казахстан. – Алматы, 2012. – С. 50.

А.Б. Смагулова. «Корпоративтік басқару: құқықтық реттеудің өзекті мәселелері» «Alikhan Bokeikhan University» Хабаршысы, № 1 (56), 2023 ж. 38 б.

Карагусов Ф. С. «О понятиях корпоративного управления и корпоративной структуры в праве Республики Казахстан». Журнал «Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан» №1 (59) – 2020. С. 8.

Salome Jinjolia, Evgeny Baratashvili COMPARISON OF CORPORATE GOVERNANCE SYSTEM IN USA AND GERMAN COMPANIES ЖУРНАЛ Евразийский Союз Ученых (ЕСУ) #6 (39) 2017. 81 р.

«Корпоративтік басқарудың мәні». <https://zapustibiznes.ru/kk/sushchnost-korporativnogo-upravleniya-ponyatie-korporativnogo/>.

Сборник аналитических справок «Современные проблемы правового регулирования корпоративных отношений: казахстанский и зарубежный опыт». – Астана: «ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2019. – 149 с. https://www.zqai.kz/sites/default/files/sbor_an_spr_po_korppravu__0.pdf.

С.К. Ержанова, А.О. Мусабекова ««Персоналды басқару» пәні бойынша Дәрістер курсы». Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. Қарағанды, 2019 жыл. 23 бет.

Управление персоналом организации: учеб./ Под ред. А. Я. Кибанова; ГУУ – 4-е изд., доп. и перераб. – М.: НИЦ ИНФРА-М, 2014.-695 с.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 415 Заңы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000415_.

Ф. Карагусов. Основы корпоративного (акционерного) законодательства Республики Казахстан. Учебное пособие. г. Алматы, 2020. С. 134.

G.B. Mukaldyeva, D.B. Makhambetsaliyev. Comparative analysis of joint stock companies of Kazakhstan and foreign countries. 2020 Al-Farabi Kazakh National University. Заң сериясы. No1 (93). 2020 <https://bulletin-law.kaznu.kz>. P. 78.

Суханов Е.А. Уставный капитал хозяйственного общества в современном корпоративном праве // Вестник гражданского права. – 2012. – №2.

Шкутина Л.А., Санхаева А.Н. Реализация корпоративного управления как условие успешности развития образовательной системы Казахстана. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 1 (77), 2019. С.194-195.

Роговая Н.Н. «Совершенствование корпоративного управления в акционерных обществах с государственным участием». Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук. Москва, 2016 г.

References

Korporativtik basqaru kogam ushin manyzdy [Corporate management is important for society] [https:// egemen.kz /article/248771-korporativtik-basqaru-qogham-ushin-manyhyzdy](https://egemen.kz/article/248771-korporativtik-basqaru-qogham-ushin-manyhyzdy). 15 Kyrkuiek, 2020 zh.

T.A. Fillipova, E.U. Kovalenko. (2020) Korporativnoe upravlenie: aktualnie problem pravovogo regulirovaniya [Corporate management: actual problems of legal regulation] 159-160 S. [https:// cyberleninka.ru /article/n/korporativnoe-upravlenie-aktualnye-problemy-pravovogo-regulirovaniya](https://cyberleninka.ru/article/n/korporativnoe-upravlenie-aktualnye-problemy-pravovogo-regulirovaniya).

G.Zh. Begazova. Korporativtik kuckyktyk katynastardan tuyndaityn talaptardy kamtamasyz etudin keibir maseleleri [Some issues of securing claims arising from corporate legal relations] // KazNU Habarshysy, Zan seriasy. No1 (105). 2023 zh. 60 b. <https://bulletin-law.kaznu.kz>.

Dolinskayia B.B. Aktsionerное parvo: osnovniye polozhenia i tendentsii [Shareholder law: basic principles and trends]. М.: Volters Kluver, 2006. S. 241.

Karagusov F.S. (2012) Pravovoe polozhenie kommercheskih organizatsii po zakonodatelstvu Respubliki Kazakhstan [Legal status of commercial organizations under the legislation of the Republic of Kazakhstan]. – Almaty, 2012. – S. 50.

A.B. Smagulova. Korporativtik baskaru: kukykytk retteudin ozekti maseleleri [Corporate management: topical issues of legal regulation] // «Alikhan Bokeikhan University» Habarshysy, № 1 (56), 2023 ж. 38 б.

Karagusov F.S. «O ponyatyiah korporativnogo upravleniya i korporativnoi strukturi v prave Respubliki Kazakhstan» [On concepts of corporate governance and corporate structure in the law of the Republic of Kazakhstan] // Zhurnal «Vestnik Instituta zakonodatelstva i pravovoi informatsii Respubliki Kazakhstan» №1 (59) – 2020. S. 8.

Salome Jinjolia, Evgeny Baratashvili Comparison Of Corporate Governance System In USA and German Companies Журнал Евразийский Союз Ученых (ЕСУ) #6 (39) 2017. 81 p.

Korporativtik baskarudyn mani [The Meaning of Corporate Governance] // <https://zapustibiznes.ru/kk/sushchnost-korporativnogo-upravleniya-ponyatie-korporativnogo/>.

Sbornik analiticheskikh spravok «Sovremenniye problem pravovogo regulirovaniya korporativnykh otnoshenii: kazakhstanski i zarubezhnyi opyt [Collection of analytical reports “Modern problems of legal regulation of corporate relations: Kazakh and foreign experience]. – Astana: «GU «Institut zakonodatelstva Respubliki Kazakhstan», 2019. – 149 s. https://www.zqai.kz/sites/default/files/sbor.an_spr_po_korp.pravu_0.pdf.

S.K. Erzhanova, A.O. Musabekova ««Personaldy baskaru» pani boiyinsha Darister kursy» [Course of Lectures on the subject of “Personnel Management] // E.A. Buketov atyndagy Karagandy memlekettik universititi. Karagandy, 2019 zhyl. 23 bet.

Upravlenie personalom organizatsii: ucheb [Management of personal organization: учеб./ Under the editorship] /Pod red. A. Ya. Kibanova; GUU – 4-e izd., dop. I pererab. – M.: NITS INFRA-M, 2014.-695 s.

«Aktzionerlik kogamdar turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 2003 zhylygy 13 mamrydgy N 415 Zany. «Adilet» Kazakhstan Respublikasy normativtik kukykytk aktilerin akparattyk-kukykytk zhuiesi [Law No. 415 of the Republic of Kazakhstan dated May 13, 2003 “On joint-stock companies”] // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000415_7.

F. Karagusov.(2020) Osnovy korporativnogo (aktionernogo) zakonodatelstva Respubliki Kazakhstan. Uchebnoe posobie [Basis of corporate (shareholder) legislation of the Republic of Kazakhstan. Study guide.] – Almaty. S. 134.

G.B. Mukaldyeva, D.B. Makhambetsaliyev. Comparative analysis of joint stock companies of Kazakhstan and foreign countries [Comparative analysis of joint stock companies of Kazakhstan and foreign countries] // Al-Farabi Kazakh National University. Заң сериясы. No1 (93). 2020 P. 78. <https://bulletin-law.kaznu.kz>.

Suhanov E.A. Ustavniy kapital hoziaistvennogo obshestva v sovremennom korporativnom prave [Statutory capital of the economic society in modern corporate law] // Vestnik grazhdanskogo prava. – 2012. – №2.

L.A. Shkutina, A.N. Sanhaiyeva. Realizatsia korporativnogo upravleniya kak uslovie uspeshnosti razvitiya obrazovatelnoi sistemy Kazakhstana [Realization of corporate governance as a condition for the success of the development of the educational system of Kazakhstan] // Kazakh memlekettik kyrdar pedagogikalyk universitetinin Habarshysy № 1 (77), 2019. S.194-195.

Rogovaia N.N. Sovershenstvovanie korporativnogo upravleniya v aktionerlykh obshestvakh s gosudarstvennym uchastiem [Improvement of corporate management in joint-stock companies with state participation]. Avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchenoi stepeni kandidata ekonomicheskikh nauk. Moskva, 2016 g.

Авторлар туралы мәлімет:

Бегазова Гульнаписа Жандаровна (корреспондент автор) – Қонаев университетінің докторанты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Gulnafisa_86@mail.ru);

Өмірәлі Жазира Өмірәліқызы – заң ғылымдарының докторы, доцент, Қонаев университетінің ректоры (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Zhaziraomirali@mail.ru);

Омурчиева Эльвира Маратовна – заң ғылымдарының кандидаты, Қонаев университетінің Халықаралық байланыстарды инновациялық дамыту жөніндегі проректоры (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Elvira-arbitr@mail.ru)

Information about authors:

Begazova Gulnafisa Zhandarovna (corresponding author) – doctoral student of Kunaev University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Gulnafisa_86@mail.ru);

Omirali Zhazira – Doctor of Law, Associate Professor, Rector of Kunaev University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: Zhaziraomirali@mail.ru);

Omurchieva Elvira – Candidate of Jurisprudence Sciences, Vice-Rector for Innovative Development of International Relations, Kunaev University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: Elvira-arbitr@mail.ru)

Тіркелді: 23.02.2024 ж.
Қабылданды: 20.04.2024 ж.